



БҰЙРЫҚ

04.08.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 46-Н/Б

город Нур-Султан

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2, 4-тармақтарына және «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысының 39-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрамы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2021 жылғы 13 тамызға дейін айқындалсын.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жауапкершілік және үйлестіру Әкімшілік бөлімінің меңгерушісі Қ.Б. Есжановқа жүктелсін.
5. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Жұмыс тобының өз қызметін жүзеге асыруы үшін қажетті құжаттарды, материалдарды, мәліметтерді ұсынуға жәрдем көрсетсін.
6. Әкімшілік бөлімі (Қ.Б. Есжанов) Серіктестіктің тиісті лауазымды тұлғаларын осы бұйрықпен таныстырсын.
7. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор

С. Кенжеболат

2021 жылғы « _____ » _____

№ _____ бұйрыққа қосымша

«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша Жұмыс
тобының құрамы

№ р/н	А.Ә.Т	Лауазымы
1	Қанат Бөлебайұлы Есжанов	Әкімшілік бөлімінің меңгерушісі
2	Бахыт Сериковна Туктыбаева	Аға сарапшы (заңгер-кадршы)
3	Салтанат Сагиндиқовна Исаева	Қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімінің Экономика, есеп және менеджмент саласында білім беру бағдарламаларын іске асыру секторының аға сарапшысы